Қ А З А Қ С Т А Н Р Е С П У Б Л И К А С Ы
А Т Ы Н А Н Ш Е Ш І М

2024 жылы 06 қаңтар іс №5930-24-00-2/3410 Петропавл қаласы

Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші сот Ә.Ж. Күлжанова,
талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) электрондық форматта қарастырды:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Омар» басшысы Ерлан Асгарович Сгаков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

АІЖК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отыра, сот:

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Омар» басшысы Ерлан Асгарович Сгаковқа жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Омар» басшысы Ерлан Асгарович Сгаков жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану.

«Омар» басшысы Ерлан Асгарович Сгаковтан жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 4692 (төрт мың алты жүз тоқсан екі) теңге 78 тиын тұрақсыздық айыппұлы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Күлжанова А. Ж., 06.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.02.2025, судья Күлжанова А. Ж., 18.02.2025
5930-24-3-1/3555

«Омар» басшысы Ерлан Асгарович Сгаковтаң жеке кәсіпкерінен жергілікті бюджет кірісіне 1987 (бір мың тоғыз жүз сексен жеті) теңге сомасында мемлекеттік бажды алу.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге құқылы.

Соттың шешіміне, осы шешімнің күшін жою туралы арыздың мерзім аяқталғаннан кейін, егер арыз берілген жағдайда, сот сол арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарылған кезде бір ай ішінде Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым және прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

Судья Ә.Ж. Күлжанова

Құжатқа қол қойылған: Кульжанова А. Ж., 06.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.02.2025, судья Кульжанова А. Ж., 18.02.2025

5930-24-3-1/3555